



«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ

## ЕРЕЖЕ

### БЕКІТЕМІН

«Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университеті» КеАҚ  
Басқарма төрағасы-ректор

Е. СЫДЫКОВ  
2021 ж.




**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

ЕҰУ Е 19-21

Нұр-Сұлтан

2021

	<b>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</b>	<b>Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі</b>	<b>Басылым: тоғызыншы</b>
	<b>ЕҰУ Е 19-21</b>		<b>31 беттің 2-ші беті</b>

### АЛҒЫСӨЗ

**1. ӨЗІРЛЕНДІ:** Ғылым бөлімімен

**2. ЕНГІЗІЛДІ:** Ғылым департаментімен

**3. ӨЗІРЛЕУШІЛЕР:**

**Нурмолдин Е.Е.** – Ғылым департаментінің директоры;

**Сейпишева А.Ю.** – Ғылым бөлімінің басшысы;

**Асылбаева М.А.** – Ғылым бөлімінің бас маманы.

**БАСЫЛЫМ:** жетінші

**ӨНДЕЛДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ:**

**Мерзудинова Г.Т.** – Ғылым және инновация жөніндегі проректор;

**Серіков Р.С.** – Ғылым және инновация департаментінің директоры;

**Бөрібаева М.Ә.** – Ғылыми кадрларды аттестаттау және постдокторантура бөлімінің бастығы.


**4. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** «30» 04 2021 ж.

**5. Е ЕҰУ 19-21 11.03.2021 ж. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ.**

**6. Құжаттың ҚАЙТА ҚАРАЛУЫ:** қажеттілікке қарай.

**ЕРЕЖЕНІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРҒАН:**

**Арзаева Т.М.** – Ғылыми кадрларды аттестаттау және постдокторантура бөлімінің бас маманы.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 3-ші беті

## 1 Қолданылуы

1.1 КЕАҚ «Л.Н.Гумилев атындағы атындағы Еуразия ұлттық университетінің» диссертациялық кеңес туралы осы Ережесі (одан әрі – Ереже) докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің ашылу және қызметін жүргізу тәртібін анықтайды.

## 2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларына» (одан әрі – Қағидалары) сәйкес әзірленді.

## 3 Жалпы ережелер

3.1 Диссертациялық кеңес – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізуші КЕАҚ «Л.Н. Гумилев атындағы атындағы Еуразия ұлттық университетінің» (одан әрі – Университет) алқалы органы.

3.2 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

## 4 Диссертациялық кеңесті құру тәртібі

4.1 Диссертациялық кеңестер күнтізбелік 3 (үш) жылға және Университетте кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша құрылады:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес Білім беру бағдарламаларының Тізбесінде докторантураның білім беру бағдарламалары;


3) Заңның 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның аккредиттелген білім беру бағдарламалары;

4) Заңның 5-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес бөлінетін оқытудың 1, 2 және 3 жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы болған жағдайда жұмыс істейді.

4.1.1 Диссертациялық кеңестер кадрларды даярлау бағыттары бойынша (2018 жылға дейін жұмыс істеген докторантураның мамандықтарын көрсете отырып) немесе де нақты білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша олардың дербестік деңгейін, сондай-ақ олардың өзара шарттылық және өзара байланыстылық дәрежесін міндетті түрде ескере отырып құрылуы мүмкін.

4.2 Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кем дегенде 6 (алты) адам кіреді.

Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 50% басқа ЖОО, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдерінен тұрады.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 4-ші беті

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 50% (елу) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторантты қорғау кезеңіне уақытша мүше болып тағайындалады.

Ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып тағайындалмайды:

1) жақын туыстар – ата-аналар, балалар, асырап алушылар, аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттары;

2) докторант немесе ғылыми кеңесшісі еңбек қатынастарында немесе олардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін өзге де қатынастарда болатын ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері бір мезгілде Университетте жұмыс істейтін басқа да диссертациялық кеңестердің құрамында бола алмайды.

Төраға мен ғалым хатшы университеттің штаттық қызметкерлері болуы тиіс.

4.3 Диссертациялық кеңес құрамына кірмейді:

1) Университет ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;

3) Қазақстан Республикасында қорғалған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілер болып табылған, соңғы 5 (бес) жыл ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комитетінің (бұдан әрі – Комитет) теріс шешімін алған мамандар.

4.4 Диссертациялық кеңестерде кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-інің (үштен екісі) Хирш индексі кемінде 3 (үш) немесе соңғы 5 жылда халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда басылымдарының болуы міндетті:


1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина), 8D11 Қызмет көрсету кадрларды даярлау бағыттары бойынша даярлау бағыттарына сәйкес келетін ең болмағанда бір ғылыми сала бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланым;

2) қалған кадрлар даярлау бағыттары үшін даярлау бағыттарына сәйкес келетін ең болмағанда бір ғылыми сала бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда соңғы 5 (бес) жылда кемінде 2 (екі) жарияланым бар.

3) «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология», «Әдебиеттану» және «Аударма ісі» мамандықтары (кадрларды даярлау бағыттары) бойынша диссертациялық кеңестің мүшелеріне қойылатын талаптар:

- тиісті зерттеу саласындағы рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда кемінде 5 (бес) жарияланым немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы №1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы Ереженің 16-тармағының 121) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын Ғылыми басылымдар тізіміне (бұдан әрі – Басылымдар тізімі) енгізілген журналдарда соңғы 5 (бес) жылда 10 (он) жарияланымның болуы.

4.5 Диссертациялық кеңестің ашылуына факультет кеңесінің ұсынысы бойынша тұрақты мүшелер құрамын бекітетін Ғылыми кеңестің шешімі негіз болады.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 5-ші беті

Диссертациялық кеңес құрамына кандидатуралар туралы ұсыныстар Ережеге *Қосымша 1* сәйкес рәсімделуі тиіс.

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Диссертациялық кеңестің құрылуы және құрамы туралы ақпарат ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

#### 4.6 Университет:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді.

4.7 Диссертациялық кеңес қызметіне байланысты барлық шығындар, оның ішінде, диссертациялық кеңестің басқа қалалардан келетін мүшелерінің іссапар шығындары Университеттің даму жоспарына күнтізбелік жылға өтінім берілген және енгізілген шығыстарға сәйкес Университет қаражаты есебінен өтеледі.

Диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің жүктемесінің көлемін есептеу үшін бастапқы деректер бір диссертациялық жұмысты алдын ала рецензиялауға және/немесе сараптауға, сондай-ақ оны қорғау рәсіміне қатысуға бөлінген уақыт болып табылады.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің жүктеме көлемін есептеу үшін бастапқы деректер ізденушінің аттестациялық ісі мен диссертациялық жұмыстың сараптамасына бөлінген уақыт болып табылады.

Диссертациялық кеңестің мүшелері үшін жалпы жүктеме диссертацияны алдын ала рецензиялауға және/немесе сараптауға жұмсалған жұмыс уақытының ұзақтығына, сондай-ақ, 1 (бір) ізденушіге жалпы көлемі 5 (бес) академиялық сағаттан аспайтын диссертацияны қорғауға байланысты белгіленеді.

Ресми рецензенттер үшін жалпы жүктеме жазбаша пікір ұсына отырып, диссертацияны рецензиялауға және/немесе сараптауға жұмсалған жұмыс уақытының ұзақтығына, сондай-ақ 1 (бір) ізденушіге жалпы көлемі 10 (он) академиялық сағаттан аспайтын диссертацияны қорғауға байланысты белгіленеді.


Бір ресми рецензент бір ай ішінде 2 (екі) жұмысқа ғана сараптама жүргізеді.

Апелляциялық комиссия мүшелері үшін жалпы жүктеме 1 (бір) ізденушіге жалпы көлемі 10 (он) академиялық сағаттан аспайтын жазбаша пікірді ұсына отырып, аттестаттау ісі мен диссертацияға сараптамаға жұмсалған жұмыс уақытының ұзақтығына қарай белгіленеді.

4.8 Диссертациялық кеңес мүшелерінің, ресми рецензенттердің, апелляциялық комиссия мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуге олардың сағаттық төлемге жеке өтініштері негіз болады.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертация қорғағаннан кейін 3 күн ішінде ғылыми кадрларды аттестаттау және постдокторантура бөліміне диссертация қорғау жөніндегі отырысқа қатысқан диссертациялық кеңестің әрбір мүшесінің және диссертацияға жазбаша пікірлер ұсынған ресми рецензенттердің толтырылған өтініш нысанын ұсынады.

Басқа ұйымдардың (университеттің штаттық емес қызметкерлерінің) өкілдері болып табылатын диссертациялық кеңес мүшелері және басқа ұйымдардың өкілдері болып табылатын ресми рецензенттер (университеттің штаттық емес қызметкерлері), сондай-ақ басқа ұйымдардың өкілдері болып табылатын апелляциялық комиссия мүшелері үшін

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 6-ші беті

(университеттің штаттық емес қызметкерлері) өтінішпен бірге келесідей құжаттар тізбесі қоса беріледі:

- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі/шетел азаматтарына арналған паспорттың көшірмесі;
- ғылым кандидаты/докторы, философия докторы (PhD) дипломының көшірмесі;
- доцент (қауымдастырылған профессор)/профессор аттестатының көшірмесі (бар болса);
- IBAN-шоты көрсетілген құжаттың көшірмесі (20 таңбалы банктік шот).

Диссертациялық кеңес мүшелерінің және ресми рецензенттердің өтініштері диссертациялық кеңес төрағасымен келісіледі. Диссертацияға рецензиялау және/немесе сараптама жүргізуді Университеттің Ғылыми кадрларды аттестаттау және постдокторантура бөлімінің бастығы, Ғылым және инновациялар департаментінің директоры растайды, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор бекітеді.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің өтініштері Ғылыми кадрларды аттестаттау және постдокторантура бөлімінің бастығымен келісіледі. Диссертацияға рецензиялау және/немесе сараптама жүргізуді Ғылым және инновациялар департаментінің директоры растайды, оны Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор бекітеді.

Ғылыми кадрларды аттестаттау және постдокторантура бөлімімен келісілген өтініш негізінде диссертациялық кеңес мүшелерінің, ресми рецензенттердің, апелляциялық комиссия мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу туралы бұйрық шығарылады.

4.9 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсы менгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта игеруге және кейінгі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсы менгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріліп, бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде диссертация қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 (үш) жыл өткен соң докторант ақылы негізде диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.


4.10 Нақты білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына негіз болып табылады:

- 1) докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиядан айырылу;
- 2) докторантураның білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімінің аяқталуы;
- 3) осы Ереженің талаптарын жүйелі түрде бұзу (3 реттен артық).

## **5 Диссертациялық кеңестің қызметтері**

### **5.1 Диссертациялық кеңес:**

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдайды;
- 2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындайды;
- 3) университеттің интернет-ресурсында қорғау туралы толық және сенімді ақпарат ұсынады;
- 4) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құрады;
- 5) диссертацияны ашық түрде қорғауды өткізеді;

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 7-ші беті

б) диссертация бойынша шешім қабылдайды.

5.2 Диссертациялық кеңестің мүшелері:

1) жан-жақты, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;

2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының (докторантпен туыстық қатынастар; докторанттан тікелей тәуелділік немесе докторанттың тікелей тәуелділігі) алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

б) қызмет бабында сөйлеу этикасы сақталады – кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

5.3 Күнтізбелік жылдың соңында диссертациялық кеңес Комитетке, Университеттің Ғылым және инновациялар департаментіне есепті жылдың 30 желтоқсанына дейін диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді (*Қосымша 2*).

5.4 Диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырыстарының кестесі күнтізбелік жылға жасалады және оны Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор бекітеді (*Қосымша 3*). 1 (бір) күн ішінде тек 2 (екі) отырыс өткізіледі.

5.5 Диссертациялық кеңес жұмысын мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырады.

5.6 Диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс нысанында докторант ұсынған диссертацияны немесе Қағидалардың 5-1-тармағының талаптарына сәйкес докторант жариялаған мақалалар сериясын қорғауды жүргізеді.

## **6 Диссертациялық кеңеске диссертацияны ұсыну тәртібі**


6.1 Университет докторанттың диссертациясын кафедраның немесе Факультет кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) талқылауды қамтамасыз етеді. Докторанттың кеңейтілген отырыс өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа түрлерінен міндетті түрде өтуін талап етуіне Университет жол берілмейді.

Кеңейтілген мәжіліс өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация алдын ала сараптау және пікір беру үшін ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе докторанттың зерттеулер саласында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға жіберіледі.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), рецензенттер, Факультет кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ аралас (ұқсас) кафедралардың және (немесе) Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, тәжірибе жүргізуші-мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Кеңесшілер болмаған жағдайда, мәжілісте докторанттың диссертациясы бойынша олардың пікірлерін кафедра немесе Факультет кеңесінің басшысы немесе оның орынбасары оқиды.

Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант ректордың атына диссертация қорғау өткізілетін диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 8-ші беті

Университет 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын докторант таңдаған диссертациялық кеңеске жібереді.

Кеңейтілген мәжіліс отырысының оң қорытындысының хаттамасы Ғылым және инновациялар жөніндегі проректормен бекітіледі.

6.2 Докторант оқыған ЖОО Университет бланкісінде рәсімделген ілеспе хатпен бірге диссертациялық кеңеске келесідей құжаттарды ұсынады:

- 1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 2) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;
- 3) қатты түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертация (егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда);
- 4) ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмелері;
- 5) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әлауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату үдерісінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы;
- 6) докторантураның білім беру бағдарламасын игеруі туралы транскрипт көшірмесі;
- 7) жұмыс орны куәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
- 8) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Диссертация келесі тілдердің бірінде – мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Құжаттарды қабылдауды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады, ғалым хатшы құжаттарды 2 (екі) жұмыс күні мерзімінде тіркейді және диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің 4.2-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

6.3 Құжаттарды қабылдап алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін анықтайды және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар екі ресми рецензентті тағайындайды.

Қорғау күні белгіленген күннен бастап 3 (үш) айдан аспауы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының келіп түсу кезектілігі сақталады.


6.4 Ресми рецензенттерді тағайындау барысында диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер болып тағайындалмайды:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- 3) диссертация орындалған және/немесе докторант Тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ЖОО бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың (кафедралардың, зертханалардың, бөлімдердің, орталықтардың) басшылары мен қызметкерлері;
- 4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

5) диссертациялық жұмыс қорғалатын диссертациялық кеңестің тұрақты және уақытша мүшелері.



	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 9-ші беті

6.5 Диссертациялық кеңес докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі ақпараттарды Университеттің интернет-ресурсында орналастырады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа):

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекен-жайын, қорғау күні мен уақыты (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын) көрсете отырып, тұрақты негізде қол жетімді алдағы қорғау туралы хабарлама);

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күнге дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қол жетімді);

3) мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдеріндегі жалпы көлемі 15 баспа бетті құрайтын аңдатпа (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын) (*Қосымша 4*);

4) докторанттың жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын);

5) қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болып табылатын ғылыми кеңесшілердің пікірлері (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын) (*Қосымша 5*);

6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын) (*Қосымша 6*);

7) толық көлемдегі қорғаудың бейнежазбасы, монтаж жүргізуге жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғалғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

10) диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) бойынша диссертациялық кеңестер қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есеп. Тоқсан сайынғы есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызмет кезеңі ішінде қолжетімді болады (*Қосымша 7*);


12) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы диплом беруді ұйымдастыру туралы ақпарат;

13) қорғау күнін, уақытын, орнын өзгерту және ресми рецензенттерді ауыстыру туралы хабарландыру (бар болса);

14) диссертациялық кеңестің құрамы және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі туралы ақпарат;

15) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

16) докторант оқыған ЖОО-ның жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу нысандарының (жанды табиғат пен тіршілік ортасының нысандары) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау,

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 10-ші беті

іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (*Қосымша 8* сәйкес);

17) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

6.6 Диссертациялық жұмыс Университеттің интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін ЖОО-ның интернет-ресурсында «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.

Университеттің интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

6.7 Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды (*Қосымша 9*).

6.8 Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. Титулдық бет және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

ҰМҒТСО диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты күйде қолжетімді болады.

Мемлекеттік құпиялары немесе қызмет бабында пайдалануы үшін мәліметтері бар диссертацияларда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдалануы ҰМҒТСО-да немесе Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарында және (немесе) ғылыми ұйымдарында комиссия негізінде тексеріледі.


6.9 Диссертацияның қағаз және (немесе) электронды тасымалдағыштағы данасы Университеттің кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

6.10 Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерін ұсынады.

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 (үштен екісі) және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент оны ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 11-ші беті

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

6.11 ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖОО-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайынан басқа).

Докторанттың диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

## **7 Докторлық диссертацияны қорғау тәртібі**

7.1 Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін атқару төрағаның орынбасарына, төраға орынбасарының және ғалым хатшының міндеттерін атқару диссертациялық кеңестің шешімімен диссертациялық кеңестің басқа мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы құжатпен расталған дәлелді себептер бойынша бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

7.2 Диссертациялық кеңес диссертацияны толықтай қорғауды бейнежазбамен қамтамасыз етеді, монтаждауға жол берілмейді.


7.3 Диссертациялық кеңестің отырысы, егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, заңды деп есептеледі. Диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері мен уақытша мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттерге қорғауға бейнеконференция түрінде қатысуға рұқсат етіледі.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 12-ші беті

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;

- отырыстың бейне- және аудиожазбасы;

- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

7.4 Диссертациялық кеңес жасырын дауыс беру арқылы келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);

- 3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

- 4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

7.5 Докторанттың ғылыми кеңесшілері, тікелей жетекшісі немесе докторантпен туыстық қатынастағы болып табылатын диссертациялық кеңес мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.


Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

7.6 Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның Ереженің және Қағидалардың қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан кейін 6 (алты) ай уақыт өткен соң осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

7.7 Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 13-ші беті

пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Ереженің 7.3-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

7.8 Диссертациялық кеңестің шешімі негізінде ол қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (беруден бас тарту) туралы ректордың тиісті бұйрығы шығарылады.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаларға бұйрық шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде белгіленген үлгідегі Университет дипломы беріледі.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы диплом қатаң есептілік құжаты болып табылады және оның нысаны Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Диплом беру тәртібі Университет ректоры бекітетін ішкі нормативтік құжатпен анықталады.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (беруден бас тарту) туралы ақпарат диссертациялық кеңестің шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

7.9 Диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация осы Ереженің 4-тармағында белгіленген тәртіппен қайта қорғауға ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған кезде диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі тағайындалады, олар диссертацияда бұрын белгіленген бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасайды. Қорытынды қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады және диссертацияны қорғау барысында оқылады.


7.10 Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертациялық кеңестің шешімі қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Университет ректорының атына еркін нысанда береді.

7.11 Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Университет ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар кемінде 3 (үш) маман кіреді, оның ішінде шетелдік сарапшылар да болуы мүмкін. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңестің мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

Комиссия өз қызметінде осы Ережені және «Дәрежелер беру қағидаларын» басшылыққа алады.

Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің материалдарын қарайды және құрылған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

Апелляциялық комиссияның қорытындысын комиссия мүшелері ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылдайды және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссияның оң қорытындысы болған жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы диплом беріледі.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 14-ші беті

Апелляциялық комиссияның қорытындысы қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде өтініш берушіге хабарланады және Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

## 8 Диссертациялық кеңестің жауапкершілігі

8.1 Диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға диссертациялық кеңестің төрағасы жауап береді.

8.2 Осы Ереженің белгіленген мерзімдерді сақтау бойынша тармақтарын орындауға диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жауапты болады.

8.3 Осы Ереженің талаптары орындалмаған жағдайда, диссертациялық кеңестің төрағасы 10 күндік мерзімде ішінде Университет басшылығына түсіндірме береді.

8.4 Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері диссертациялық кеңестің отырыстарына қатысуға міндетті. Күнтізбелік жыл ішінде диссертациялық кеңестің үш отырысына дәлелсіз себеппен қатыспаған диссертациялық кеңестің мүшесі төрағаның ұсынысы бойынша диссертациялық кеңестің құрамынан шығарылады.

8.5 Төраға диссертацияларды қорғау бойынша қабылданатын шешімдердің сапасына, жан-жақтылығына және негізділігіне жауапты болады.


8.6 Төраға кеңестің қызметі туралы ақпаратты Университеттің интернет-ресурсында уақтылы және сапалы орналастырылуына жауапты болады.

## 9 Қорытынды ережелер

9.1 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін қалыптастырады және оны 2(екі) апталық мерзімде Университеттің Ғылым және инновациялар департаментіне жібереді.

Докторанттың аттестациялық ісінде келесідей құжаттар болады:

- 1) аттестациялық істегі құжаттар тіздемесі;
- 2) қатты мұқабада түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертация;
- 3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;
- 4) авторға және дереккөзіне сілтеме жасамай материалды пайдаланудан диссертацияның тексерілгендігі туралы ҰМҒТСО анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Ішкі істер министрлігіне бағынатын әскери ұйымдарға, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне бағынысты әскери, арнайы оқу орындарының және (немесе) ғылыми ұйымдардың докторлық диссертацияны авторға және дереккөзіне сілтеме жасамай алынған материалды пайдалануға тексерілгені туралы анықтамалары ұсынылады;
- 5) ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 6) 2 (екі) ресми рецензенттің пікірі;
- 7) диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы (*Қосымша 11*);
- 8) төраға мен ғалым хатшы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының хаттамасы және толық көлемдегі бейнежазба (қажет болған жағдайда) (*Қосымша 12*);
- 9) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары және мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату үдерісінде бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы;
- 10) докторантура білім беру бағдарламасын игеру туралы транскрипт;

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 15-ші беті


- 11) кафедра немесе факультет кеңесінің кеңейтілген отырысының хаттамасы;
- 12) докторант туралы ақпарат (*Қосымша 13*);
- 13) қазақ және орыс тілдеріндегі тіркеу-есептік карточкалары (*Қосымша 14*);
- 14) жұмыс орны қуәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
- 15) ҚР Ұлттық кітапханаларының қорларына диссертацияны тапсырғаны туралы анықтама.

9.2 Осы Ережемен реттелмеген даулар, оның ішінде, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

9.3 Осы Ереже Университет ректорымен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.





	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 17-ші беті

Ережеге  
Қосымша 2

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

\_\_\_\_\_ мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі


### Есепте келесідей мәліметтер болады:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Келесідей бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
  - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
  - 2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған диссертациялар тақырыбының ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;
  - 3) диссертация нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізу деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттер жұмысын (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып) талдау.
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялар саны:
  - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде, басқа ЖОО докторанттарының диссертациялары);
  - 2) қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде, басқа ЖОО докторанттарының диссертациялары);
  - 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде, басқа ЖОО докторанттарының диссертациялары);
  - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде, басқа ЖОО докторанттарының диссертациялары).

Диссертациялық кеңестің төрағасы \_\_\_\_\_ (қолы, аты-жөні және тегі)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_ (қолы, аты-жөні және тегі)

Мөр, күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 18-ші беті

Ережеге  
Қосымша 3

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Диссертациялық кеңестері мәжілістерінің 2019 жылға арналған  
ЖОСПАРЫ**

Р/с №	Диссертациялық кеңес (шифр және атауы)	Докторанттар саны		Тұрақты мүшелердің саны/оның ішінде, өзге қалалардан	Келу/кету бағыты	Ескерту
		ЕҰУ	басқа ЖОО-дар			
<i>Айлар</i>						
1						
2						

Ережеге  
Қосымша 4

\_\_\_\_\_ (докторанттың Т.А.Ә.) «\_\_\_\_\_»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған  
«\_\_\_\_\_» диссертациялық жұмысының

**АҢДАТПАСЫ**

Диссертациялық зерттеудің мақсаты \_\_\_\_\_  
Зерттеу міндеттері \_\_\_\_\_  
Зерттеу әдістері \_\_\_\_\_  
Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар) \_\_\_\_\_  
Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы \_\_\_\_\_  
Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі \_\_\_\_\_  
Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі \_\_\_\_\_  
Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады \_\_\_\_\_

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 19-ші беті

Ережеге  
**Қосымша 5**

**(Мамандықтың шифры және аты) (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған  
«Диссертация тақырыбы» (Т.А.Ә.) диссертациясына  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

(Т.А.Ә.) «Диссертация тақырыбы» көкейкесті мәселеге арналған (диссертация тақырыбы бойынша қандай) - орындалған жұмыстың көкейкестілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибедегі маңыздылығын негіздеу.

Автор өз зерттеуі барысында сүйенетін негізгі теориялық, әдіснамалық қағидаларды ашып беру (нені зерттегеніне талдау жасау).

Автор қол жеткізген ғылыми нәтижелерді көрсету (нәтижесінде неге қол жеткізілді).

Диссертацияның құрылымдық, мазмұндық біртұтастығын көрсету.

Алынған нәтижелерді негіздеудегі автордың негізгі тұжырымдарын көрсету.

Докторанттың зерттеліп отырған мәселедегі сіңірген жеке еңбегін көрсету.

Докторанттың ғылыми позициясының нақтылығын ашып көрсету.

Аталған диссертацияны орындау барысында автор өзін көрсетті (қандай зерттеушілік қасиеттерді меңгерді, қандай зерттеу әдістерін үйренді, қандай зерттеу жұмыстары жүргізілді).

Аталған зерттеу жұмысы бойынша қорыта айтқанда.... (қорытынды), осылардың барлығы (Т.А.Ә.) (PhD) философия докторы дәрежесіне ізденуге лайықты деп санауға мүмкіндік береді.

**Ғылыми кеңесші:  
қызметі, жұмыс орны,  
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы**

**қолы (мөр)**


**Т.А.Ә.**

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 20-ші беті

Ережеге  
Қосымша 6

### Ресми рецензенттің жазбаша пікірі


р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 21-ші беті

	принципі	<p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 22-ші беті

		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 23-ші беті

Ережеге  
Қосымша 7

**Диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есебі**

№	Докторанттың Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)	Туған жылы	Докторантурада оқыған кезеңі	Докторант білім алған ЖОО	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілер (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) дәрежесі, жұмыс орны)	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) дәрежесі, жұмыс орны)	Қорғау күні	Диссертациялық кеңес пен апелляциялық комиссияның қабылдаған шешімі (болған жағдайда)	Диплом №
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес										
1										

Ережеге  
Қосымша 8

\_\_\_\_\_ Этикалық комиссиясының қорытындысы  
ЖОО атауы

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер - Т.А.Ә. (бар болғанда), қызметі және жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, азаматтығы	
6.	Зерттеу нысандары	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу үдерісіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
8.	Ғылыми зерттеулер нәтижелерін тарату үдерісіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
9.	Зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары және мекендеу ортасы болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әлауқатын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Этикалық комиссия хатшысы \_\_\_\_\_  
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 24-ші беті

Ережеге  
Қосымша 9

**Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
Білім және ғылым саласында  
сапаны қамтамасыз ету комитетіне**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «мамандық шифрі» мамандығы бойынша ТАӘ «тақырыбы» докторлық диссертация қорғайтыны туралы хабарлайды.

Қорғау «жылы, күні, айы» сағ. \_\_\_\_-де өтеді. Мекен-жайы: көшесі, ғимараттың №\_\_\_\_, №\_\_\_\_ ауд.

Онлайн-трансляция «\_\_\_\_» платформасында өтеді.


**Ғылым және инновация  
жөніндегі проректор**

**Т.А.Ә.**

*Орынд.: Ғалым хатшының Т.А.Ә.  
Тел.:*

Ф ЕНУ 403-04-14. Хат. Үшінші басылым.



	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 25-ші беті

Ережеге  
**Қосымша 10**

**«Ұлттық мемлекеттік  
 ғылыми-техникалық  
 сараптама орталығы» АҚ  
 Президенті ТАӘ-не**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «мамандық шифрі» мамандығы бойынша докторант ТАӘ «.....» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын пайдаланылған материалдардың алынған дереккөзін және авторға сілтеменің бар болуын тексеру үшін (плагиат) қабылдауды өтінеді.

Қорғау күні: жылы, күні, айы.


**Ғылым және инновация  
 жөніндегі проректор**

**Т.А.Ә**

*Орынд.: Ғалым хатшының Т.А.Ә.*

*Тел.:*

Ф ЕНУ 403-04-14. Хат. Үшінші басылым.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 26-ші беті

Ережеге  
Қосымша 11

### Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № \_\_

Докторант \_\_\_\_\_


(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 27-ші беті

Ережеге  
Қосымша 12

## Диссертациялық кеңестің қорытындысы

келесі бөлімдерден тұрады:

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі
2. Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі
3. Ғылыми нәтижелерді тәжірибеде қолдану
4. Ғылыми нәтижелердің теориялық маңызы
5. Ғылыми нәтижелерді оқу үдерісіне енгізу (*кафедра меңгерушісінің қолы қойылған енгізу актісінің болуы*)
6. Басылымдардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сай болуы.
7. Дәреже беру туралы қорытынды
8. Диссертацияның жіктелу белгілері:
  - 8.1 Диссертация нәтижелерінің сипаты
    - 8.1.1 Теориялық ережелер, олардың жиынтығын тиісті ғылыми бағыт бойынша жаңа ірі жетістік ретінде саралауға жатады.
    - 8.1.2 Маңызды әлеуметтік-мәдени, экономикалық немесе саяси маңызы бар ғылыми мәселені шешу.
    - 8.1.3 Ғылыми негізделген техникалық, экономикалық және технологиялық шешімдері, оларды енгізу ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге елеулі үлес қосады.
  - 8.2 Диссертация нәтижелерінің жаңашылдық деңгейі.
    - 8.2.1 Нәтижелері жаңа.
    - 8.2.2 Жекелеген нәтижелері жаңа емес.
    - 8.2.3 Нәтижелердің елеулі бөлігі жаңа емес.
  - 8.3 Диссертация нәтижелерінің құндылығы
    - 8.3.1 Жоғары.
    - 8.3.2 Қанағаттанарлық.
    - 8.3.3 Қанағаттанарлық емес.
  - 8.4 Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеулермен байланысы.
    - 8.4.1 Тақырып мемлекеттік және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар немесе халықаралық зерттеу бағдарламаларына кіреді.
    - 8.4.2 Тақырып іргелі зерттеулер бағдарламасына, салалық бағдарламаға, ғылыми ұйымдар және жоғары оқу орындары жоспарына кіреді.
    - 8.4.3 Бастамашыл жұмыс.
  - 8.5 Қолданбалы маңызы және кеңейтілген пайдалану бойынша ұсыныстары бар диссертация нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі.
    - 8.5.1 Халықаралық деңгейде (сатылған лицензиялар, халықаралық грант алу).
    - 8.5.2 Салааралық деңгейде.
    - 8.5.3 Сала ауқымында.
    - 8.5.4 Ұйымның аясында.
    - 8.5.5 Кеңейтілген қолданылуды талап етеді.
    - 8.5.6 Кеңейтілген қолданылуды талап етпейді.

Диссертациялық кеңес төрағасы \_\_\_\_\_ (қолы,ТАӘ)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_ (қолы,ТАӘ)


Мөр, күні « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 28-ші беті

Ережеге  
Қосымша 13

### Докторант туралы мәлімет


(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))



1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Докторантурада оқығаны туралы ақпарат (ЖОО және оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми кеңесшілер (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:		
	Комитет ұсынатын басылымдарда		
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетел басылымда		
	Халықаралық конференция материалында, оның ішінде:		
	Шетелдік конференция материалында		
9	Еңбек жолы		
	Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы
			Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_ (қолы, аты-жөні және тегі)

Мөр, күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі	Басылым: тоғызыншы
	ЕҰУ Е 19-21		31 беттің 29-ші беті


Ережеге  
Қосымша 13

### ТІРКЕУ-ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ







Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (толық)			
Туылған жылы	Азаматтығы	Ұлты	Аттестациялық істің №
Диссертациялық кеңес	Шешім қабылданған күні, айы, жылы		Шешімнің №
Диссертация қорғалған ЖОО-ның атауы			
Дәрежені ізденуші		Мамандық атауы	
Дәреже берілді		Дипломның №	
Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор			


Ескерту:

1. Мәтін 148x105мм форматтағы тығыз ақшыл қағаздан жасалған карточкада басылады.
2. «Аттестациялық істің №» және «Дәреже берілді» деген бағандар Ғылыми кадрларды аттестаттау және постдокторантура бөлімімен толтырылады.
3. Карточканың артқы жағында ізденушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде көрсетіледі және ізденушінің қолымен расталады.

	<b>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</b>	<b>Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университетінің Диссертациялық кеңес туралы Ережесі</b>	<b>Басылым: тоғызыншы</b>
	<b>ЕҰУ Е 19-21</b>		<b>31 беттің 30-ші беті</b>

### Келісімдеу парағы

Қызметі	Т.А.Ә.	Келісімдеу күні	Жеке қолы
1	2	3	4
Ғылым және инновация жөніндегі проректор	Мерзадинова Г.Т.	<u>20.04</u> 20 <u>21</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Стратегиялық даму жөніндегі проректор	Айтмагамбетов Д.Р.	<u>29.04</u> 20 <u>21</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Қаржы-шаруашылық сұрақтар жөніндегі проректор	Айдарғалиева Н.Г.	<u>29.04</u> 20 <u>21</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым және инновация департаментінің директоры	Серіков Р.С.	<u>20.04</u> 20 <u>21</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Заң қызметінің жетекшісі	Абилов А.З.	<u>20.04</u> 20 <u>21</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Сапаны бағалау орталығының бастығы	Кусаинова Т.С.	<u>23.04</u> 20 <u>21</u> ж.	 (ҚОЛЫ)

  
20.04.2021

